



Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының құрылымы туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 22 сәуір N 632. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.12.04. N 1698 қаулысымен. ~P971698

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым

академиясының құрылымы қосымшаға сәйкес, сондай-ақ алқаның сандық құрамы 17 адам болып бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік аттестациялық комитеті орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1651 қаулысы;

"Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 желтоқсандағы N 1663 қаулысы.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 22 сәуірдегі

N 632 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым
академиясының

Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалар және оларды
ресурстық қамтамасыз ету департаменті

Нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету және халықаралық

Ғылыми-техникалық ынтымақтастық департаменті

Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау және ақпараттық
инфрақұрылымы департаменті

Кадр және арнайы жұмыстар бөлімі

Бухгалтерлік есеп және есеп беру бөлімі

Өндірістік-әкімшілік басқармасы

Ғылыми кадрларды аттестациялау департаменті (заңды тұлға
құқығында)

Ұлттық аэроғарыш агенттігі (заңды тұлға құқығында)

Атом энергиясы жөніндегі агенттік (заңды тұлға құқығында)